Кенжекожаева Ақботаның
«8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Қазақ және түркі фольклорындағы Қожанасыр бейнесі» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Жаһандану дәуірінде заман ағымына сай дамушы әдебиетті қалыптастыру үшін әдеби дәстүр мен жаңашылдық, сабақтастық сынды ұғымдар өзара үйлесім тауып, бір арнада тоғысуы қажет. Бұл тұрғыда түркі халықтарының бай фольклорлық мұрасы мен сол мұраларда насихатталған рухани-адамгершілік құндылықтар жаңа әдебиеттің мызғымас іргетасына айналуы тиіс.

Түркі халықтарының фольклорлық әлеуетін танытатын бірден-бір бейнесі – Қожанасыр. Ол туралы алғашқы жазба деректердің XIII ғасырға тиесілі екенін ескерсек, сол кезеңнен бері әдеби сахнадан түспеген бұл кейіпкердің өміршеңдік қабілеті жоғары екенін аңғарамыз. Оның бейнесі бір мәдениеттен келесі мәдениетке, бір дәуірден келесі дәуірге ауысу барысында сан түрлі өзгерістерге ұшырап отырды. Заманауи әдебиеттің даму тенденциясы және ғылыми-инновация, жаңа технологиялар саласындағы жаңалықтар оның бейнесіне басқа да өзгерістер енгізіп, оның біз танымаған жаңа қырларын дамытты.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын (2003) іске асыруға қатысты ұлттық баяндамасында Қожанасыр бейнесін ұлттық бірегейлік контексінде қарау ғылыми-фольклорлық зерттеулердің нысанасына айналуы қажет екені баса айтылды. Жаһандану жағдайында түркі халықтарының мәдени бірегейлігі мен мұрасына, рухани бастауларына деген қызығушылықтың жандануы аясында Қожанасыр бейнесінің көп қабатты құрылымына кешенді зерттеу, салыстырмалы және пәнаралық ғылыми талдау жүргізудің маңызы жоғары. Өйткені бұл бейне түбі бір түркі халықтарының ортақ тарихи жадын сақтап қана қоймай, бүгінгі таңда да өзектілігін жоймайтын моральдық және философиялық ұстанымдарды дәріптеуге өлшеусіз үлес қосады.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Түркі халықтарының бай фольклорлық мұрасын, рухани тұтастығын танытатын күрделі әрі мәдени феномен Қожанасыр бейнесін кешенді зерттеу.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Қожанасыр бейнесінің шығу тегі жөніндегі тұжырымдарды талдау, оның бейнесіне қатысты алғашқы деректердің жинақталуы, жариялануы мен зерттелуі туралы еңбектерді жүйелеу;
2. Қожанасыр бейнесінің түрлі халықтардағы антропонимдік алуан түрлілігін талдау;

3. Қазақ фольклорындағы Қожанасыр бейнесінің зерттелуі мен репрезентациясын саралау;

4. Өзге түркі халықтары (ұйғыр, татар, түрік, өзбек және қырғыз) фольклорында-Қожанасыр бейнесінің зерттелу мәселелерін қарастыру, өзіндік ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыру;

5. Қожанасыр туралы «Өлген қазан» әңгімесінің түрлі түркі халықтарындағы нұсқаларына салыстырмалы талдау жүргізу, мәдени-әдеби контекст аясында мәтіннің бейімделуі мен өзгерістерін айқындау;

6. Қожанасыр бейнесінің сопылық табиғатын айқындау және ол туралы туындылардағы сопылық ілімнің негізгі тұжырымдарын саралау;

7. Қожанасыр туралы туындылардағы қозғалыс, уақыт және кеңістік категорияларын талдау;

8. Қожанасыр бейнесінің қазіргі әдебиеттегі трансформациялану үдерісін зерделеу.

Зерттеу нысаны. Түркі халықтары фольклорындағы (өзбек, ұйғыр, татар, қырғыз, түрік) Қожанасыр туралы әңгімелер корпусы.

Зерттеу пәні. Қожанасыр бейнесінің түркі халықтарының фольклорындағы, жазба әдебиетіндегі, діни-философиялық дәстүрдегі және қазіргі әдебиеттегі трансформациясы.

Зерттеу жұмысының әдістері.

– Қожанасыр бейнесінің түркі халықтары фольклорындағы эволюциясын, сондай-ақ, ортақ тұстары мен айырмашылықтарын айқындау үшін салыстырмалы-тарихи әдіс;

– Нарративтік және символдық элементтерді талдау мақсатында құрылымдық-семантикалық талдау әдісі;

– Қожанасыр бейнесін түркі халықтарының бірегейлігі, ортақ мәдени

– жады, рухани-философиялық құндылықтар контексінде интерпретациялау мақсатында мәдени-релятивизм әдісі;

– Қожанасырға қатысты әңгімелердегі сопылық және этикеттік астарларды айқындау үшін философиялық және герменевтикалық әдіс;

– Қожанасыр бейнесінің қазіргі әдебиеттегі трансфорациялары мен әртүрлі интерпретацияларын қарастыру үшін интермәтіндік талдау әдісі қолданылды.

Зерттеу жұмысының теориялық (әдіснамалық) негізі.

– Қожанасыр бейнесі жөніндегі мәліметтерді жинау, жариялау және ғылыми айналымға енгізуге А. Лауд, А. Галланд, Г. Вуд, Д. Кантемир, Гр. Янский, Г. Майер, Ф.А. Брокгауз, Д. Форнетти, И. Кунош және т.б. ғалымдар;

– Қожанасыр бейнесінің шығу тегі жөніндегі ғылыми тұжырымдар К.С. Давлетов, М. Тахмасиб, В.А. Гордлевский, А. Өртенланы, М.А. Султанов, Р. Дениз, Н.Б. Солтанова, Д. Фейзиев, С. Сакаоглу, И. Дакуки, Д. Кішібеков, С. Қасқабасов, С. Чыкла, М. Айдын, С. Қожагөз, М. Әуезов, Т. Қожакеев еңбектерінде;

– Қожанасыр есімдерінің түрлі халықтардағы нұсқалары туралы құнды пікірлер С.Д. Коцюбинский, Т. Ажароглу, Х. Оразаев, С. Зухба, С.Х. Анчек,

Ш.Х. Хут, А. Альптекин, С. Ердоған, Н.И. Кирей, А.А. Феррах, А. Захаров, С.Т. Юлдашева, И.Х. Данишменд, Ш. Курган, М. Харитонов, Э.Г. Вартаньян, Э.А. Шамотина, Г. Қортабаева, А. Кара, М. Думан, С. Ишык, Д. Чжу, С. Ли және т.б. еңбектерінде;

– Қазақ фольклорындағы Қожанасыр бейнесі-Н. Нұртазина, Р. Бердібаев, Қ. Саттаров, С. Сейітов, Т. Қожакеев, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, Б. Адамбаев, А. Мусаев, П. Әуесбаева, А. Бейсенғалиева, А. Ахметбекова, Х.З. Ақназаров, М. Сатинбекова, Қ. Молдатаев, Б. Қанатқызы және т.б. ғалымдардың еңбектерінде;

– Өзге түркі халықтары фольклорындағы Қожанасыр бейнесі М. Тевфик, Н. Аминов, А. Кашкарбеков, Ю.М. Оташ, Ф. Юлдашева, А. Кахор, Г. Гулом, Ш. Зунун, Х. Зариф, К. Имамов, И. Озмен, Э. Солмаз, А. Рахман, К. Бату, М. Джангазиев, В. Челеби, Ф. Кепрюлю, И.Х. Коньялы, П.Н. Боратав, И. Башгоз, С.Д. Сайерс, Ф. Туркмен, М. Экичи, Х. Дедебагы, А.К. Тежер, З. Байрактар, Я. Мадалиев, Г. Торусдаг, И. Айдын, Ф. Аслан, М.Ш. Болтаева, Х. Феңг, М. Карачалы, А. Гюнвар, И. Эмре, С.А. Жомерт, Р.Ф. Буррил, О. Огузхан, И. Шах, А. Гокташ, Ш. Бойраз, Ч. Сюме, Э. Шеноджак, А. Умарходжаев, М. Атакан, Ю. Кыналы, А.Ф. Ариджы және т.б. еңбектерінде жан-жақты қарастырылды.

Осы зерттеулер кешені диссертацияның теориялық-әдіснамалық арқауын құрайды.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Түркия Республикасы, Эге университетінің Орталық кітапханасы, Эге университеті жанындағы Түркі әлемі зерттеулері институтының Фикрет Туркмен атындағы кітапханасы, ҚР БҒМ Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фольклортану бөлімінің кітап қорлары, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби кітапханасының материалдары зерттеу жұмысына негіз болды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Қожанасыр бейнесінің қазақ және түркі фольклорындағы ерекшеліктері мен ұқсастықтары, түркі халықтары мәдениетіндегі, қазіргі әдебиеттегі маңызы айқындалды. Қазақ және түркі (өзбек, өзбек, ұйғыр, татар, қырғыз, түрік) фольклорындағы Қожанасыр бейнесіне салыстырмалы талдау алғаш рет жүргізілді.

Қожанасыр бейнесінің түркі халықтары фольклорындағы жергілікті ерекшеліктері мен ортақ тұстары айқындалды.

Бейненің жаһандық өзгерістерге сай бейімделіп, қазіргі әдебиеттегі трансформациясы сараланды.

Қазақ және өзге түркі халықтары арасындағы әдеби-мәдени сабақтастықты нығайтуға ықпал ететін, ортақ түркілік мәдениеті тасымалдаушы кейіпкер екені анықталды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Жұмыс нәтижелерін жоғары оқу орындарында білім алушыларға, жас ғалымдарға фольклортану, салыстырмалы әдебиеттану, түркітану, түркі әдебиеті, мәдениеттану және т.с.с. пәндер бойынша оқытылатын арнайы курстар мен

дәріс, семинар сабақтарында пайдалануға болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері әдебиеттанушы, түркітанушы, мәдениеттанушы, әлеуметтанушы ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен білім алушылары үшін теориялық және практикалық құндылыққа ие.

Қорғауға ұсынылатын негізгі нәтижелер мен тұжырымдар.

1. Қожанасырға қатысты алғашқы деректер XV-XVI ғасырларға тиесілі қолжазбаларда кездеседі. Қожанасыр туралы көне қолжазбалар мен басылымдар олардың жариялану тарихы, Қожанасыр бейнесінің зерттелуі жөніндегі еңбектер хронологиялық принциппен жүйеленді. Қожанасыр бейнесінің генезисін айқындау барысында араб фольклорындағы Джуха образы, парсы және әзірбайжан ойшылы Насир ад-Дин Туси, түркі фольклорындағы Насреддин Ходжа тұлғасы негізгі нысанға алынды, аталған кейіпкерлер арасындағы типологиялық ұқсастықтар мен өзгешеліктер анықталды.

2. Қожанасыр бейнесі түркі халықтары мен Шығыс, Орта Азия елдерінің әдеби-мәдени және діни дәстүрлерінің тоғысы нәтижесінде қалыптасқан. Оның есімдерінің алуан түрлілігі бұл бейненің географиялық таралу ауқымына әрі түрлі этномәдени ортадағы ерекшеліктерге бейімделуіне негізделеді. Қожанасыр есімінің түрлі нұсқаларының қалыптасуы тілдік ерекшеліктерге ғана емес, бейненің жергілікті мәдени трансформациясына да байланысты. Түрік тілінде «сый-құрметке ие адам», «мырза» деген мағыналарды қамтитын «Эфенди» атауы қазақ-қырғыз тілдерінде «аңқау», «аңғал адам» мағынасын қамтитын ««Әпенді» тұлғасында қолданылады. Яғни бұл есім дыбыстық трансформацияға ғана емес, мағыналық өзгерістерге де ұшыраған.

3. Қазақ фольклорындағы Қожанасыр бейнесінің зерттелуі мен репрезентациясы сараланды. Қазақ әдебиетіндегі Қожанасыр туралы туындылардың жанрлық тиесілігі айқындалды. Бұл бейненің қазақ әдебиетіндегі трансформациясын талдау барысында тағы бір күлдіргі кейіпкер – Алдар көсемен ұқсастықтары мен айырмашылықтары қарастырылды. Бұл екі бейненің географиялық таралу аймағы бойынша да елеулі өзгешеліктер бар екені анықталды.

4. Зерттеу барысында түркі халықтары (өзбек, ұйғыр, қырғыз, татар, түрік) фольклорындағы Қожанасыр бейнесінің зерттелуі, аталған түркі халықтарындағы әдеби портреті, бейненің өзіне жүктеген әлеуметтік-мәдени миссиясы және ол туралы әңгімелердегі елеулі сюжеттік өзгерістер арқылы көрініс табатыны анықталды. Өткен ғасырдағы саяси төңкерістер, әлеуметтік бас көтерулер және соғыс секілді маңызды оқиғалар Қожанасыр бейнесіне және ол туралы әңгімелердің мазмұнына бірқатар өзгерістер енгізген.

5. Қожанасыр бейнесі бүкіл түркі халықтарының халық ауыз әдебиеті мен мәдениетінде айрықша маңызға ие. Түркі халықтары арасында кең тараған «Өлген қазан» әңгімесінің тоғыз түрлі нұсқасына талдау жүргізілді. Талдау барысында аталған әңгіменің идеялық, мазмұндық-сюжеттік айырмашылықтары ғана емес, нұсқалар табылған халықтардағы Қожанасыр бейнесінің ортақ тұстары мен өзгешеліктері де анықталды.

6. Қожанасыр бейнесінің қалыптасуына және оның түркі халықтары арасында кеңінен таралуына ықпал еткен негізгі тетіктердің бірі – сопылық ілім. Қожанасыр туралы әңгімелерде кейде айқын, кейде жасырын байқалатын діни түсініктер мен идеялар оның сопылық ілімнің өкілі екенін айқындай түсті. Қожанасыр қарсы тарапқа жеткізгісі келген кей ойларын жалаң әзілмен ғана емес, астыртын ұғымдар мен парадокстар арқылы мәлімдеген. Осылайша, Қожанасыр бейнесі арқылы насихатталған сопылық ілім формализм мен діни догматизмге қарсы тұратын күш, ақиқатқа ұмтылыс ретінде танылды.

7. Қожанасыр туралы әңгімелердегі қозғалыс, уақыт пен кеңістік категорияларын талдау оның уақыт пен кеңістікке тәуелсіз, тұтастыққа, кемелдікке ұмтылған үздіксіз қозғалыстағы кейіпкер екенін айқындады. Кемелдікке жету жолындағы сенімді серігі – есегі, түрлі сынақтар мен кедергілер ретінде қызмет ететін кеңістік атрибуттары – базар, шаһар, үй, ауыл, мешіт және т.б. арқылы танылады. Әңгімелерде жиі кездесетін «бір күні» тіркесі Қожанасырға қатысты туындылардың уақыт бойынша шектеулі еместігін, яғни уақыттан тыс өміршеңдікке бейімділігін көрсетеді.

8. Қожанасыр бейнесінің қазіргі әдебиеттегі трансформациясы оның әмбебаптығын және әлеуметтік-мәдени, ғылыми және т.б. жаңалықтарға бейімделу қабілеттілігін айғақтайды. Кейіпкер әдебиеттегі дәстүр мен сабақтастықты жаңашылдықпен шебер үйлестіре отырып, заман ағымына сай жаңа функцияларды жүзеге асыруды да көздейді. Мұны Қожанасырдың кеңестік және посткеңестік кезеңде әлеуметтік әділетсіздікті әшкерелеуге бағытталған өткір сатиралық құрал ретінде қолданылуы, соғыс жылдарында халықтың рухын көтеру мақсатында пайдаланылуы дәлелдейді.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен сыннан (апробациясы) өтуі.

Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында 11 мақала түрінде жарияланды. Оның ішінде, Scopus халықаралық деректер базасында 1 ғылыми мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін журналдарда 2 мақала жарық көрді. Халықаралық ғылыми конференциялар материалдарының жинақтарында 7 мақала жарияланып, шетелдік ғылыми конференцияда 1 баяндама жасалды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс анықтамалардан, кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.